

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 10 тамызы

Директорлар кеңесі KASE Басқармасының құрамын өзгертті

Қазақстан қор биржасының (KASE) Директорлар кеңесінің шешімімен 2020 жылдың 07 тамызындағы шешімімен, KASE Басқармасы Төрағасының орынбасары ретінде Сабитов Идель Марсильевичтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды. Аталмыш лауазымға 2020 жылдың 10 тамызынан бастап шешімімен 2023 жылдың 30 маусымына дейін өкілеттік мерзімі белгіленді Мұхамеджанов Әділ Нұрланұлы сайланды.

Аталмыш шешімді ескере отырып, KASE Басқармасының құрамы бес адамнан тұрады:

- Алдамберген А.Ө., Басқарма мүшесі;
- Мажекенов Е.Б., Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Мухамеджанов А.Н., Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Хорошевская Н.Ю., Басқарма Төрағасының орынбасары;
- Цалюк А.Ю., Басқарма Төрағасының орынбасары.

Сабитов И.М. KASE Басқармасының құрамына 2002 жылы кірді. Биржада жұмыс істеген уақытында Идель Сабитов биржалық инфрақұрылымды дамыту саласындағы бірқатар жобасының қатысушысы және жетекші болды, әсіресе, сауда-саттық жүйесін дамыту, сауда-саттық және қаржы құралдарының жаңа әдісін енгізу, әсіресе, клирингтік қызметті дамыту, биржалық нарықтағы орталық контрагентті енгізуге ат салысты. Идель Сабитов KASE алғашқы сауда-саттық жүйесінің алғашқы әзірлеушілерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының 20 жылдығына арналған және "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл" мерекелік медальдарымен және "Еңбек сіңірген қаржыгер" орденімен марапатталды. Идель Сабитов өзінің KASE командасындағы қызметін жалғастырады.

"Идель Сабитовты Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында Биржаның қор нарығын және лауазымын дамытуда айтарлықтай үлесін қосты", – деп атап өтті KASE Директорлар кеңесінің Төрағасы Әлия Молдабекова.

"Идель Сабитов Биржада еңтек еткен уақытында Биржаның IT-жүйесін, Қазақстан қор нарығын дамыту бойынша жобаларды жетілдіруге белсенді қатысты. Соңғы жылдары оның басшылығымен валюталық және қор нарығында орталық контрагент қызметін іске қосу және жаңа сауда-клирингтік жүйесін енгізу бойынша жұмыс ұйымдастырылды, – деп атап өтті KASE Басқармасының Төрағасы Алина Алдамберген. – Әділ Мұхамеджанов Қазақстан Ұлттық Банкінде үлкен тәжірибе жинақтады, ол Биржаның қызметіне және бірлесіп өнімді жұмыс істеуге ықпал ететініне сенімдіміз".

Мухамеджанов А.Н. әр жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің монетарлық операциялар департаментінде басшылық қызметте жұмыс істеді, активтерді басқару, инвестициялық жобалар тәуекелін талдау, инвестициялық консалтингті басқару қызметін атқарды.

Директорлар кеңесінің және Биржа Басқармасының құрамы KASE интернет-сайтында http://www.kase.kz/ru/kase_management сілтемесі бойынша жарияланған.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технолигияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және саудасаттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрын көрсетеді. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.